Ғылыми және оқу әдістемелік әдебиеттерді өз бетінше терең оқып, керекті тәжірбиелер мен түрлі көрнекі құралдарды таңдап алып, тексеріп көрген соң семинарлық сабақтарда студенттер өз группасы алдында берілген тақырып бойынша баяндамалар жасайды және іскерлік ойын сабақтарын өткізеді. Мұндай баяндамаларды талқылау кезінде тақтадағы салынған суреттердің сапасына, демонстрациялық тәжірбиелердің техникасы мен әдістемесіне, оптикалық проекцияны қоя білуіне, есептерді тандай біліп және оларды шығаруының сапасына, техникадан қажетті мысалдарды пайдалана білуіне көңіл бөлу керек. Студенттердің сөзінде олардың тақырып мазмұнын ғылыми дәлелдеуге, оның мәнін ашудың әдістемелік нұсқаларына шығармашылық түрде сын көзбен қарауға ұмтылу әрекеттерінің байқалуы өте маңызды.

Семинар сабақтарында оқу есептерін шығару процесінің психология-педагогикалық қырлары, шығару құрылымы, осы үрдістің алгоритмизациясы, есептерді шығарудың әдістері мен тәсілдерін белгілеу және т.б. қарастырылады. Есептерді шығарудың әдістері, тәсілдері және ерекшеліктері белсенді талқылау үстінде дәйектелінуі керек. Семинарларда бағдарламалық

материалды түсіну және оны қолдану дәрежесіне жетуге тырысу керек. Әр сабақ екі сағатқа бейімделген.

Практикалық сабақтарда жеке-жеке тақырыптар: кинематика, динамика газ заңдары және т.б. тақырыптар бойынша есептерді шығару әдістемесі жаттықтырылып шындалады, физикадан алған білімдері тиянақты дәлелденіп, қалыптасып бекітіледі.

Физика әдістемесінің кейбір жалпы мәселелері лекцияда баяндалып, соңынан семинар сабақтарында қосымша қарастырылады. Мұндай мәселелер қатарына, физика бойынша лабораториялық сабақтар, физикадан оқушыларды кітаппен жұмыс істеуге үйретудің әдістемесін, экскурсиялар және т.б. жатқызуға болады. Уақыт жетпегендіктен физика әдістемесінің кейбір дербес мәселелері тек семинар сабақтарында ғана қарастырылады: лекциялар мен семинар сабақтарының нақты мазмұны өндірістік жұмыс жоспарында анықталып көрсетіледі. Семинар сабақтарда жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістері бойынша да іскерлік ойын сабақтары өткізіледі.

Студенттер физика пәнінен сабақ өткізу дағдыларын педагогикалық практика кезінде қалыптастырады. *Физика әдістемесі бойынша педагогикалық практика бітірер алдындағы және бітіретін курстарда өткізіледі (3-4 курстар).*

Танысу практикасының міндеті (3-курс)– практиканың жетекшісі– әдіскері мен мектеп физика мұғалімі тексерген даяр конспектілер мен жоспарларды басшылыққа ала отырып студенттердің жеке сабақтарды ойдағыдай беріп, сабақ өткізудің шеберлігіне төселуді қамтамасыз ету, сондай-ақ практиканттарды физика мұғалімінің сыныптан тыс жұмысы және сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы туралы жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Бірінші педагогикалық практика негізгі мектептің 7,8 сыныптарында өткізілуі тиіс.

Өндірістік педагогикалық практика (4-курс) негізгі мектептің 9 сыныбында және бағдарлы мектептің 10-11 сыныптарында өтіледі.

Екінші педагогикалық практика кезінде, мүмкіндігінше, әрбір студент өз бетінше (практика жетекшісінің ұдайы қадағалауы мен жәрдемінің нәтижесінде) оқушылар алдында физика курсының қайсыбір тақырыбын немесе тақырыпшасын талдап түсіндіре алатын, өз сыныбында физикадан сыныптан тыс жұмысты және сынып жетекшісінің жұмысын жүргізе білетін болуы керек.

Алғашқы 1,5-2 аптада студент мектептің оқу тәрбие жұмысын ұйымдастырумен танысады, практика жетекшісі өткізетін екі-үш үлгілі ашық сабақта болып, оның толық талдауына қатынасады, оқу материалын және тәрбие жұмысын жоспарлаудың түрлері мен тәсілдерін меңгереді, сыныпты зерттеп таниды, сабақтардың конспектілерін жасауды үйренеді, сондай-ақ бағдарламаларда көрсетілген басқа да тапсырмаларды орындайды.

Педагогикалық практиканың **негізгі міндеттері** мыналар деп есептеу керек:

- а) оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін пайдалана білу, сабақтың жоғарғы әсерлілігіне жету үшін оларды тиімді үйлестіре білуге үйрету;
 - б) оқушылардың ойлау қызметін жандандырудың тәсілдерін зерттеп танып, оларды практикада қолдану;
 - в) оқуды өмірмен байланыстырудың жолдарын зерттеп білу;
 - г) пәнаралық байланысты тағайындау және пайдалану.
- ФОӘ циклінің пәндерін оқып болған соң студенттер физика сабағын жоғарғы ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізе алатын **құзырлы** маманға айналады.

Құзырлылықтары

Студент:

- сабақ түрлері мен классификациясын;
- есеп шығарудың әдістері мен тәсілдерін;
- тақырыптық бақылау жұмыстарын дайындауды;
- белгілі тақырыпқа байланысты тест құрастыруды білу керек.

Студент ебдейліктері:

- физиканы оқыту принциптері мен міндеттеріне сәйкес дүниені біртұтас танып білдіретіндей және оның тәрбиелік мәнін ескере отырып тақырыптық, календарлық өндіріс және сабақ жоспарын жасай білу;
- бақылау, өзіндік және жеке жұмыстар жүргізу үшін дидактикалық материалдарды іріктеп алу;
- факультативтік сабақтардың жоспарын жасай білу;
- физикадан сыныптан тыс жұмыстардың жоспары мен сценарийін құрастырып, өткізе білу.

Студенттің меңгеретіндері:

- оқыту әдістері мен түрлері;
- зертханалық жұмыстар мен демонстрацияларды өткізу тәсілдері;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданып сабақ өткізу әдістері.

Пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері

Пререквизиттер:

- мектептегі физика курсы;
- жалпы және теориялық физика курсы;
- информатика;
- педагогика;
- психология.

Постреквизиттер:

- Оқытудың инновациялық технологиялары.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің жалпы мәселелері
2. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің дербес мәселелері
3. Физиканы оқытудың әдістемесі бойынша курстық жұмыстар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар, арнаулы практикумдар және факультативтік курстар.

Пәннің мазмұны

1-бөлім. **Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің жалпы мәселелері**

Кіріспе: Физиканы оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылым, оның зерттейтін мәселелері мен зерттеу әдістері. Физиканы оқыту әдістемесінің физикамен, философиямен, психологиямен және педагогикамен байланысы. Мектеп білім дамуының қазіргі заманғы кезеңіндегі физика әдістемесінің міндеттері.

Физика пәнін мектепте оқытудың негізгі міндеттері: физика ғылымының негіздерін меңгеру (мемлекеттік бағдарламаларда айтылған білімдерді, дағдыларды және шеберліктерді игеру), оқушылардың ойлауын дамыту және дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, политехникалық білім беру.

Қазіргі кездегі физиканы оқыту тұжырымдамасы: Орта мектеп физика курсындағы бірінші және екінші басқыштардың мазмұны мен жүйесі. Физиканың пропедевтикалық курсы. Мектеп физика курсының даму перспективалары. Физиканы оқытудың химиямен, биологиямен, математикамен, қоғам танумен және оқу шеберханасымен, өндірістегі оқушылардың еңбегімен байланысы. Бұл пәнаралық байланыстардың әдістемелік және дидактикалық маңызы.

Физикадан оқу сабақтарын ұйымдастырудың формалары: оқу материалын тақырыптық және сабақтық (календарлық) жоспарлау, физика бойынша өтілетін оқу сабақтарының жүйесі.

Физиканы оқыту әдістері: Оқыту әдістерінің ғылыми негіздері мен классификациясы. Физикадан оқу материалын ауызша баяндаудың ерекшелігі: әңгіме, әңгімелеу, түсіндіру, баяндау, лекция.

Физикалық демонстрациялық эксперимент, физиканы оқытудағы оның маңызы, оған қойылатын әдістемелік талаптар.

Физика бойынша зертханалық сабақтар: фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, фронтальды тәжірибелер, кластан тыс бақылаулар мен тәжірибелер. Физикалық оқу экспериментінің жүйесі және оқу жабдығы. Физикалық приборлардың жалпы сипаттамасы және классификациясы.

Физика есептерін шығарудың жалпы әдістемесі. Есептердің түрлері. Есептерді шығаруға үйретудің әдістемесі. Оқушыларды оқулықпен, анықтама кітаптармен, физика және техника туралы ғылыми – көпшілік әдебиеттермен жұмыс істеуге үйретудің әдістемесі. Есептердің классификациясы. Есептер шығару алгоритмі. Есептеу, сапалық, графиктік, сурет есептер шығару әдістемесі, шығармашылық есептер және олардың түрлері, әр түрлі есептерді құрастыру әдістемесі.

Оқушылардың оқу мақсатарына жеткенін тексеру (Оқушылардың физикаға оқыту мақсаттарына жеткенін тексерудің теориялық негіздері). **Тақырыптық бақылау жұмыстарын дайындау, өткізу, бағалау әдістері:** Тесттік есептерді құрастыру және өткізу, бағалау тәсілдері қарастырылады. Физикадан оқушылардың білімдері мен дағдыларын тексерудің әдістері (физикалық диктант, тест, бақылау жұмыстары). Оқушылар білімін бағалау, бағаның мағынасы, мәні, міндеті және қызметі, білімді бағалау ережесі (критерийі)

Физика бойынша өтілетін экскурсиялар, олардың маңызы мен түрлері, оларды жоспарлау. Экскурсияларды ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесі.

Физика сабақтарында сынып тақтасына салынатын схемалар мен суреттерді, плакаттарды, кестелерді, слайдтарды, бейнефильмдерді және түрлі компьютерлік модельдерді пайдалану.

Физиканы оқытудағы техникалық құралдар: оқу киносы, дыбыс шығару құралдары, радио, теледидар, оқытудың интербелсенді ақпараттық коммуникациялық құралдары. Бағдарлап және компьютерлік оқыту құралдары және оларды физиканы оқытуда пайдалану.

Физика бойынша факультативтік курстар (мазмұны, өткізу әдістемесі). Физика пәнінен арнайы және таңдау курстары. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу стратегиясы, дарындылықты анықтау.

Физика бойынша өтілетін сыныптан тыс жұмыстардың формалары мен әдістері: физикалық және тақырыптық үйірмелер, мектеп олимпиадалары және физикалық кештер.

Физиканы проблемалық оқыту. Программаланған оқыту. Компьютер қолданылатын – физикалық білім беруге арналған– оқыту, анықтамалық, модельдеу бағдарламалары. Физиканы бағдарлы мектептерде оқыту әдістемесінің ерекшеліктері.

Жаңа педагогикалық оқыту технологиялары. (Жасампаздық педагогика – мұғалімдік қызметтің жоғарғы сатысы. В.М. Монахов, Ж. Қараев, В.Ф. Шаталов, Т.Т. Ғалиев, М. Жанпейісова – технологиялары, оқытудың ақпараттық технологиялары және т.б.).

2-бөлім. **Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің дербес мәселелері**

1-тарау. Физиканы оқытудың негізгі сатысы

1. Заттың құрылысы туралы бастапқы мағлұматтар.
2. Қозғалыс және күштер
3. Гидро- және аэростатиканың элементтері.
4. Жұмыс, қуат және энергия.
5. Жылу құбылыстары туралы алғашқы мағлұматтар. Жылу, жұмыс және ішкі энергия.
6. Атом құрылысы және электростатика элементтері.
7. Ток күші, кернеу, кедергі.
8. Электромагниттік құбылыстар. Жарық құбылыстары.
9. Денелердің қозғалыстары мен өзара әсерлесу заңдылықтары.
10. Механикалық тербелістер және толқындар. Дыбыс. тақырыбын оқып-үйрену әдістемесі.
11. Атом және атом ядросының құрылысы. Атом ядросының энергиясын пайдалану.

2-тарау. Физиканы оқытудың жоғары сатысы.

1. Бағдарлы мектепте механиканы оқыту әдістемесі
2. Мектеп курсындағы молекулалық физика және оны оқып-үйрену әдістемесі.
3. Газ заңдарын оқып-үйрену әдістемесі.
4. Термодинамика сұрақтарын оқып-үйрену әдістемесі.
5. Мектеп курсындағы “Электродинамика” және оған ғылыми әдістемелік талдау жасау.
6. Электродинамиканың негізгі ұғымдарын оқып-үйрену әдістемесі.
7. Электромагниттік өрісті оқып-үйрену әдістемесі.
8. Электромагниттік тербелістерді оқып-үйрену.
9. Электромагниттік толқындар және оны оқып-үйрену әдістемесі
10. Арнайы салыстырымдық теориясының элементтері
11. Кванттық физиканы мектеп курсында оқып-үйрену әдістемесі.

3-бөлім. Физиканы оқытудың әдістемесі бойынша курстық жұмыстар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар, арнаулы практикумдар және факультативтік курстар.

Көрсетілген сабақтардың бұл түрлері лекцияларда, семинарлық және лабораториялық сабақтарда, сонымен қатар педагогикалық практика процесінде алған әдістемелік білімдері мен дағдыларын тереңдететіндей университет бітірушілердің жұмысына шығармашылық сипат беруді қамтамсыз ету керек.

Жоғарыда арналған барлық сабақтардың мазмұны, көлемі және сипаты, негізінен орта мектепті дамытудың көкейкесті міндеттері және университеттегі физиканы оқыту әдістемесі бойынша жүргізілетін ғылыми жұмыстардың тақырыптары негізінде анықталды.

Курстық жұмыстардың тақырыптары шығармашылық бағытта, мектептегі студенттердің жұмысы мен физика әдістемесі оқытушыларының ғылыми зерттеу жұмыстарымен байланысты болу керек.

Университетті бітірушілер, педагогика мен физика әдістемесі бойынша мемлекеттік емтихан өткізудің орнына, МАК алдында қорғайтын физика әдістемесінен және педагогикадан түлектік жұмыстарын жазуы мүмкін.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Файзуллаев А. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы, Қыздар университеті, 2014. – 338 б.
2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б.
3. Г.Б.Алимбекова. Болашақ физика мұғалімінің кәсіби даярлығын ғылыми ұғымдар жүйесін қалыптастыру негізінде жетілдіру. -Алматы, ҚазҰПУ, 2014. – 340 б.
4. Жанабаев З.Ж., Тынтаева Ш.Б., Жолдасова Х.Б. Физиканы оқыту әдістемесі, Алматы, 2002. -119 б.
5. Г.Б.Алимбекова. Болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейін жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы, ҚазҰПУ, 2008. – 206 б.
6. Акитай Б.Е. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – А.: Мектеп, 2006.
7. Теория и методика обучения физике в школе. Общие вопросы. Учебное пособие для студентов пед.вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. – М.: Издательский центр «Академия», 2000 – 384 с.
8. Теория и методика обучения физике в школе. Частные вопросы. Учебное пособие для студентов пед.вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. - М.: Издательский центр «Академия», 2001 – 386 с.
9. Основы методики преподавания физики. /Ред. А.В. Перышкина В.Г., Разумовского и др. М: Дрофа, 2001.
10. Башарұлы Р., Байжасарова Г., Токбергенова У., Қаймулдина Ә. Физика. Әдістемелік нұсқау 11- сынып мұғалімдеріне арналған құрал. –Алматы, Мектеп, 2007. – 88 б.
11. Башарұлы Р., Токбергенова У., Қазақбаева Д. Физика және астрономия. Оқыту әдістемесі. 7-сынып. мұғалімдеріне арналған құрал. –Алматы, Атамұра, 2007. – 80 б.
12. Нұрқасымова С.Н., Желдібаева Б.С. Физика және астрономия. 7-8 сынып мұғалімдеріне арналған оқу әдістемелік құрал. – Семей, 2006. – 170 б.
13. Каменецкий С.Е. Современные проблемы методики обучения физике. - Н-Новгород, 2001.
14. Мастропас З.П., Синдеев Ю.Т. Методика и практика преподавания. – Ростов н/д.: Феникс, 2002.
15. Методика преподавания физики. /Ред. В.П. Орехова, А.В. Усова т.І. М: Дрофа, 2001.
16. Методика преподавания физики. /Ред. В.П. Орехова, А.В. Усова Т.ІІ. М: Дрофа, 2002.
17. Н.К. Гладышева и др. Методика преподавания физики в 8-9 классах общеобразовательных учреждений. М: Просвещение, 2001.

Қосымша

1. Кем В.И., Кронгард Б.А. Сборник задач и упражнений. 7к– Атамура, Алматы: 2004
2. Г.Б.Алимбекова. Физика. Эксперименттік есептерді шығарудың теориясы мен әдістемесі. ҚР БҒМ Республикалық оқу әдістемелік кеңесі ұсынған. – Алматы, Нур-Принт, 2012. – 300 б.
3. Алимбекова Г.Б. «Қысқаша физика курсы 11- сынып». А.: «Азия-принт Адвертайзинг» , 2006 .
4. Электронные учебники по физике. 7-11 классы, – А. 2009.
5. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ., орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі.-Алматы., 1998.
6. Г.Б.Алимбекова. Физика. Кредиттік және сырттай оқитын студенттерге арналған оқу құралы, - Алматы, ҚазҰПУ. 2006. 228 б.
7. Кем В.И., Кронгард Б.А. Сборник задач и упражнений. 8к– Атамура, Алматы: 2004
8. Рымкевич А.П., Рымкевич П.А. Сборник задач по физике– М., 2000.
9. Кабардин О.Ф. и др. Физика. Тесты для шк. – М.: Оникс 21-век, 2004.
10. Каменецкий С.Е., Орехов В.П. Методика решения задач по физике- М: Дрофа, 2001.
11. Г. Н. Степанова. Методика преподавания курса “Физика и астрономия в 7-9 классах общеобразовательных учреждений.” М: “Просвещение”, 2000.

Интернет қорлары

1. <http://www.physic.kz/?p=2485>
2. <http://zhangozy.wordpress.com/2010/01/29>
3. http://physics1.ucoz.net/load/o_ushylyardy_fizika_esepтерin_shy_aru_a_jretu_di_stemesi/1-1-0-4
4. http://lib-kguti.kz/index.php/component/option,com_docman/
5. <http://videouroki.net/projects/index.php?id>
6. «w w w physicslab.co.uk »
7. <http://elibraru.ru>
8. <http://www.fizika. Ru>
9. <http://www. College.ru>
10. <http://physics.nad.ru/physics.htm>

Құрастырғандар:

Әлімбекова Г.Б. – п.ғ.д., профессор
Жұмаділлаев Қ.Н. – аға оқытушы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

Ast 3302 Астрономия

5B011000 – Физика

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Әбішев М. - ф.м.-ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Қожамқұлов Б.А - ф.м.-ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

I. Түсінік хат

Пәннің мақсаты: Аспан денелерінің құрылымы, қозғалысы және дамуы жөнінде жалпы ұғымдар қалыптастыру. Студенттерге Ғаламның дамымалы моделін толық түсіндіру.

Пәннің міндеттері:

- әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыру;
- космостық денелерді зерттеудегі қазіргі ғылыми әдістер жөнінде түсініктер қалыптастыру;
- үлкен өлшемдегі уақыт - кеңістік мәселелерін айқындау, түрлі және күрделі зерттеулерді сараптай білу;
- оқушыларға астрономия ғылымының дамуы жолдарын зерттеу арқылы ғылымның рөлін түсіндіре білу;
- аспан жұлдыздарын бақылау арқылы қоршаған ортаға деген адамгершілік қатынастарды қалыптастыру;
- курсты оқу арқылы студенттерге осы заманғы физика мен астрономияның жетістіктерінен мағлұмат беру.

Пәннің білім беру бағдарламасы құрылымындағы орны:

Пререквизиттер: «Жоғарғы математика-1», «Механика-1», «Молекулалық физика-1», «Электрлік және магнетизм-1», «Оптика-1».

Постреквизиттер: «Электродинамика және салыстырмалылықтың арнайы теориясы-1», «Кванттық механика-1», «Статистикалық физика және физикалық кинетика негіздері-1».

Пәнді игеру нәтижелеріне қойылатын талаптар:

Пәнді оқыту үдерісі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырып дамытуға бағытталған:

-әртүрлі ғылымдардың жүйелендірілген теориялық және тәжірибелік білімдерін қолдана алады.

Пәнді оқыту үдерісі пәндік құзыреттіліктерді қалыптастырып дамытуға бағытталған:

-физиканың концептуалды және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын білу;

-іргелі физикалық заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін, табиғат пен техника құбылыстары мен үдерістердің физикалық мәнін игеру;

-физиканың теориялық және тәжірибелік негіздері туралы білімін қолдануға қабілетті, оқушылардың пәндік біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырудың әдістерін меңгеру, физикаға қызығушылық пен күнделікті өмірде физика саласындағы білімін қолдана алу;

-бақылаулар мен тәжірибелер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдаудың әдістерін игеру;

-құбылыстар мен үдерістерді талдау мен синтездеу үшін жалпы және

теориялық физика мен іргелі және қолданбалы математикадағы білімін қолдану қабілеттілігі;

-тәжірибелік және теориялық физика саласында аналитикалық және технологиялық шешімдерді жүзеге асыру қабілеттілігі.

Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент:

- Жұлдызды аспанның негізгі шоқжұлдыздарын білуі және айқын көрінетін жұлдыздарды табуды;
- Күннің жыл бойындағы қозғалысын білуі қажет және Жер бетіндегі ауа - райы өзгерісінен себептерін түсіндіруді;
- Планеталар мен Айдың конфигурациясын, Кеплер заңдарын және аспан денелерінің орбита элементтерін, берілген периодта планеталар мен Айдың конфигурацияларын сызуды;
- Ғарыштық құралдар көмегімен алынған, ғарыштық денелерді зерттеудің соңғы заманауи әдістерін **білу керек**;

- Жұлдызды аспанның жылжымалы картасымен жұмыс істеуді;
- Өз бетінше астрономиялық бақылаулар жүргізе білуді;
- Уақыттың негізгі түсініктерін біліп, сағаттарды (жұлдызды және күндік) түзей білуді;
- Жасанды ұшақтар мен зымырандардың қозғалысының есептеу үшін Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңын және Кеплер заңдарын қолдана білуді **меңгеру керек**;

- Аспан денелерінің табиғатын және күн планеталар жүйесінің құрылымының заманауи көзқарасы туралы мәліметтерді;
- Күннің және жұлдыздың құрылымы туралы, Жұлдыздық каталог пен атластармен жұмыс істей білуді
- Кеңейген Ғалам жөніндегі ғылымның соңғы жетістіктерін түсіндіре білуді **игеру керек**.

Пәннің тематикалық жоспары

- 1 Кіріспе
- 2 Сфералы және тәжірибелі астрономияның негіздері
- 3 Әлемнің құрылымының көзқарастарының дамуы. Күн жүйесінің кинематикасы
- 4 Аспан механикасының негіздері. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы
- 5 Астрофизика және радиоастрономияның құралдары мен әдістері
- 6 Күн жүйесінің физикасы
- 7 Жұлдыздар физикасы
- 8 Біздің галактика
- 9 Галактикадан тыс астрономияның негізі
- 10 Космогонияның негіздері және космология мәселелері

Пән мазмұны Кіріспе

Мамандықтың қысқаша сипаттамасы. Астрономия пәні. Астрономия тараулары. Аралас ғылымдар. Астрономияның теориялық және танымдық мәні. Астрономия әдістемелері. Бақылаудың ролі. Ғалам құрылымының қысқаша түсініктемесі.

2.Сфералы және тәжірибелі астрономияның негіздері

Аспан сферасы-сфералы астрономияның негізі. Жұлдызды аспан және аспан сферасының тәулік бойынша айналуы. Әлем осінің горизонтқа қатысты орналасуы. Аспан сферасындағы нүктелер мен сызықтар. Астрономиялық жүйелер: көкжиекті және экваторлы координата жүйелері. Кульминация. Меридиандағы жарық көзінің биіктігі. Жарық көзінің көріну шарттары. Әр белдеудегі аспан сферасының айналуы.

Жердің Күннің айналысындағы қозғалысы және Күннің эклиптика бойынша көзге көрінер қозғалысы. Эклиптиканың негізгі нүктелері. Эклиптикалық координата жүйесі. Тропикалық жыл. Зодиакты шоқ-жұлдыздар. Жыл мезгілдерінің алмасуы және климаттық белдеулер.

Уақытты өлшеу проблемасы. Уақытты өлшеу бірліктері. Күндік және жұлдыздық уақыт. Шын және орташа күндік уақыт. Уақыттың теңдеуі және оның құраушылары. Жергілікті уақыт және бойлық. Декреттік уақыт және т.б.. Бүкіләлемдік уақыт. Уақыттың атомдық стандарты.

Күнтізбектің пайда болу және дамуы тарихы. Жаңа және ескі күнтізбек.

Жұлдызды каталогтар және астрономиялық жылнамалар, жұлдызды аспан картасы. Универсалды құрал. Жарық көзінің зениттік арақашықтық бойынша оның уақытын есептеу.

Географиялық координаталарды және күннің түскі сызықтығының бағытталуының анықтаудың жуықтау әдістері.

3. Әлемнің құрылымының көзқарастарының дамуы. Күн жүйесінің кинематикасы

Астрономияның пайда болуы. Ежелгі халықтардың астрономиялық көзқарасы. Планеталардың көзге көрінер қозғалысы. Планеталардың символикасы. Астрономияның Ежелгі Грецияда дамуы. Пифагор, Аристотель, Гиппарх, Птолемей. Әлемнің геоцентрлік жүйесі. Орта Азияда астрономияның дамуы. Бируни және Ұлықбектің еңбектері. Планеталардың конфигурациясы. Коперник және оның әлемдік гелиоцентрлік жүйесі. Синодикалық қозғалыстың теңдеуі. Коперник түсіндірген планеталардың тұрақты қозғалысы. Гелиоцентризм үшін күрес. Бруно, Галилей, Ломоносов.

Тихо, Браге, Кеплер және оның планеталар қозғалысының заңдары.

Қазіргі көзқарас бойынша Күндік жүйенің құрылуы. Тәуліктік параллакс. Күннің параллакс. Астрономиялық бірлік. Арақашықтықты анықтаудың радиолокациялық әдістемесі. Күн жүйесіндегі Айдың өлшемін анықтау. Жердің Күнді айнала қозғалатынын дәлелдеу: жылдық параллакс, жұлдыздар абберациясы.

Айдың жұлдызға және Күнге қатысты көрінетін қозғалысы. Айлық фазалардың алмасуы. Сидерикалық және синодикалық айлар. Түйіндер сызығының қозғалысы. Айдаһар жыл мен ай.

Күннің және айдың тұтылуы. Тұтылудың жиілігінің шарттары. Сарос. Тұтылуды бақылаудың ғылыми мәні.

4. Аспан механикасының негіздері. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы

Планета орбиталарының элементтері. Тартылыс заңының әмбебаптығы. Кеплердің жалпылама заңдары. Аспан денелерінің массасын анықтау.

Ауытқу теориясының элементтері. Плутон және Нептунның ашылуы. Жер осінің прецессиясы, оның себептері мен салдары. Нутация. Құйындар мен тасқындар. Космонавтика элементтері. ЖЖС, ЖАД орбитасын есептеудің қарапайым тәсілдері.

5. Астрофизика және радиоастрономияның құралдары мен әдістері

Телескоптар, олардың қолданылуы. Жарық көзінің негізгі сипаттамалары: өсуі, жарықтың сынуы және өтуі. Рефракторлар, рефлекторлар. Рефракторлардың және рефлекторлардың кемшіліктері. Айналық-линзалық телескоптар. Мектеп телескоптары. Осы телескоптарда сәулелердің өтуі. Астрофотометрияның негіздері. Погсон формуласы. Абсолютті жұлдыздық шамалар.

Спектралды анализдің негіздері. Спектралды құралдар. Сәулелену заңдары. Доплер принципі. Электромагнитті тербелістің әртүрлі диапозондары. Атмосферадағы оптикалық және радиолық “терезе”. Радиотелескоптар. Радиоастрономияның рөлі. Аспан денелерін зерттеудің атмосферадан тыс әдістері. Негізгі обсерваториялар және үлкен телескоптар.

6. Күн жүйесінің физикасы

Күн жүйесі жайлы жалпы мағлұмат. Күн. Өлшемі, массасы, тығыздығы. Осьтік аналуы. Температура, Күннің толық сәулеленуі. Күннің магнит өрісі. Күн энергиясының көздері. Күннің ішкі құрылымының моделі. Фотосфера, грануляция, шырақтар, күннің дақтары. Күннің спектрлік және химиялық құрамдары. Хромосфера, хромосфералық жарқылдар. Протуберанцтар. Тәж. Күннің радио-сәулеленуі. Күндік жел. Күн энергиясын қолданудың мәселелері. Күн активтілігінің циклділігі. Күн активтілігінің Жердегі геофизикалық және биологиялық процестерге әсері.

Жер жайында жалпы түсінік. Жердің массасын анықтау. Жердің ішкі құрылымын зерттеудің әдістемелері. Жер құрылымы жайында қазіргі көзқарас. Жер атмосферасының құрылымы және құрамы. Магнитосфера, Жердің радиациялық белдеуі.

Күн жүйесіндегі үлкен планеталардың негізгі сипаттамалары: Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, (Плутон). Күннен арақашықтығы, айналу периодтары, өлшемдері, массасы, тығыздығы, критикалық жылдамдықтары, температурасы, тәулектік жалғастыруы, иілу осьтері, серіктерінің саны.

Әр планеталардың физикалық ерекшеліктері. Атмосфера, беттік ерекшеліктері. Планеталардың серіктері. Планеталардың сақинасы. Күн жүйесі планеталарындағы өмір мәселелері. Планеталарды космостық станциялар арқылы зерттеудің нәтижелері. Планеталардың физикалық сипаттамасы бойынша екі топқа бөлінуі. Олардың әрқайсысының ерекшеліктері.

Кіші планеталар. Олардың ашылуы тарихтары. Астероидтың айналу периоды, массасы, өлшемдері. Орбиталарының ерекшеліктері. Ерекше қызықты астероидтар.

Кометалар. Сыртқы түрі. Кометалардың орбиталары. Қысқапериодты және ұзақпериодты кометалар. Кометалардың құрылымдары: ядросы, басы және құйрығы. Кометалардың жарқылдау механизмі. Кометалардың және кометалар құйрығының ыдырауы. Ерекше қызықты кометалар. Кометалардың пайда болу гипотезасы.

Метеорлы шоғырдың пайда болуы. Метеорлардың ағындары және олардың радианттары. Болидтер. Метеориттер, олардың классификациясы. Метеориттердің химиялық құрамы және физикалық табиғаты. Метеориттердің жастарын анықтау. Ерекше қызықты метеориттер. Зодиактық жарық.

7. Жұлдыздар физикасы

Жұлдызға дейінгі арақашықтықты анықтаудың тригонометриялық әдісі. Парсек. Жарық жылы. Жұлдыздардың негізгі сипаттамалары: температурасы, радиустары, жарықтылығы. Жұлдыздардың спектрі және спектрлік классификациясы. Жұлдыз атмосферасының химиялық анализі. Жұлдыздардың бақыланған сипаттамаларының арасындағы байланыс,

Герцшпрунг-Рассель диаграммасы. Негізгі тізбек, аса алыптар, ергежейлер, ақ ергежейлер.

Қос және көп санды жұлдыздар. Спектрлі-қос жұлдыздар. Тұтылушы-жұптық жұлдыздар. Айныған жұлдыздар. Үлпілдек айнымалылар. Ұзақ периодты айнымалалар. Бұрыс айнымалалар және эруптикалы жұлдыздар. Жаңа және өте жаңа жұлдыздар. Пульсарлар және нейтронды жұлдыздар. "Қара құрдым".

8. Біздің галактика

Галактиканың құрылымынан қысқаша мағлұмат: өлшемдері, формасы, галактиға кіретін объектілер. Жұлдыздардың галактикада таралуы. Жұлдызды статистиканың әдістері.

Галактикада Күннің орналасуы. Галактиканың айналуы. Галактиканың массасы. Галактиканың ядросы. Күннің галактикалық орбитасы. Жерлігілікті жүйе.

Жұлдыз аралық орта. Жарықтың тозанды ортада жұтылуы, оның жұлдыздық арақашықтықты анықтауға әсері. Еркін сутектің таралуы. Галактиканың спиралды құрылымы.

9. Галактикадан тыс астрономияның негізі

Хаббл бойынша галактиканың классификациясы. Галактикаға дейінгі арақашықтықты анықтау. Галактиканың физикалық қасиеттері: өлшемдері, массасы, жарықтылығы, айналуы. Галактиканың ядролары. Галактиканың спектрі. Галактиканың спектріндегі қызыл ығысу. Хаббл заңы. Өзара әсерлесуші галактикалары. Квазарлар. Галактикалардың топталуы. Метагалактика.

10. Космогонияның негіздері және космология мәселелері

Күн жүйесінің космогониясы. Кант пен Лапласстың космогониялық гипотезалары. Жер мен планеталардың жасы. Космология пәніндегі жұлдыздардың пайда болуы, жұлдыздар эволюциясы, жұлдыздардың жасы, галактикалар эволюциясы жайындағы гипотезалар. Фотометриялық гравитациялық және термодинамикалық парадокстар. Иерархиялық құрылым. Кенейтілген Ғалам проблемасы. Критикалық тығыздық. Хаббл тұрақтысы. Жаңа Ғалам және қалдықсәулелену жайында түсінік. Жерден тыс Ғалам.

СОӨЖ және зертханалық сабақтардың тақырыптары

1. Аспан сферасы және астрономиялық координата жүйесі. Аспан сферасы элементтерін оқу.
2. Жай көзбен аспанды бақылау.
3. Телескоп арқылы Айды, Күнді, планетаны, жұптық және айнымалы жұлдыздық, шоқжұлдыздарды тұмандықтарды, Құсжолын қарау.
4. Жұлдызды аспанның жылжымалы картасымен жұмыс жасау.

5. Жұлдыздардың әртүрлі географиялық белдіктегі көзге көрінерлік қозғалысы, жарық көзінің көріну шарттары.
6. Күннің әр түрлі географиялық белдіктегі көрінетін жылдық қозғалысы.
7. Уақыт және оны өлшеу.
8. Планета мен Айдың көрінерлік және шын қозғалысы, планеталар конфигурациясы, Кеплер заңдары.
9. Күн жүйесіндегі денелердің арақашықтығы, өлшемі және айналуы.
10. Бүкіләлемдік тартылыс заңы және екідене есебі.
11. Жасанды аспан денелерінің орбитасын есептеу әдісі.
12. Жұлдыздың фотометриясы, жарық көзінің жарқылы.
13. Күн мен жұлдыздардың физикалық табиғаты.
14. Кеңістіктегі жұлдыз бен галактиканың айналуы.

СӨЖ тақырыптарының тізімі

1. Аспан сферасы.
2. Зодиакты шоқ-жұлдыздар.
3. Күнгізбектің пайда болу және дамуы тарихы. Жаңа және ескі күнгізбек.
4. Айдың жұлдызға және Күнге қатысты көрінетін қозғалысы.
5. Астрофотометрияның негіздері.
6. Хаббл бойынша галактиканың классификациясы.
7. Галактикаға дейінгі арақашықтықты анықтау.

Әдебиеттер

Негізгі

1. Кононович Э. В., Мороз В, И. Общий курс астрономии.–М.:Эдитор, 2001.
2. Физика космоса. Маленькая энциклопедия. –М: Советская энциклопедия, 1986. –783с.
3. Лейзер Д. Создавая картину Вселенной. –Мир: -М., 1988. – 324с.
4. Куликовский П.Г. Справочник любителя астрономии. Изд 5-е.–М: Эдитор,2002.
5. Рябов Ю.А. Движение небесных тел. –М: Наука, 1988. – 240с.
6. Климишин И.А. Релятивистская астрономия. –М: Наука, 1983. – 208с.
7. Бекбасаров Н.М. Астрономияға кіріспе. –Алматы: «Рауан», 1996.
8. Сурдин В.Г. Астрономические задачи с решениями. –М: УРСС, 2002.
9. Трихс Ксуан Тхуан. Вселенная. Большой взрыв и все что за ним последовало. –М: Росмэн, 2002.
- 10.Харитонов А.В., Шестаков Л. И., Терещенко В. Солнечные затмения. – Алматы: 2005.
- 11.Школьный астрономический календарь на 2006-2007 учебный год. –М: Дрофа, 2006.
- 12.Мур П. Астрономия с Патриком Муром. –М: торговый дом-ГРАНД, 2001. –364с
- 13.Дагаев М.М. Наблюдения звездного неба–М:Наука, 1988.

Қосымша

- 1.Брейтод Дж. 101 ключевая идея: Астрономия. – М:Фаир-г, 2002.
- 2.Раймон Рехинальдо Монльер. Астрономия. Школьный атлас. –М: Росмэн, 1998 .
- 3.Ксанфомалити Л.В. Парад планет. –М: Наука, 1997.
4. Әбішев Х., Аспан сыры Алматы 1966ж.

Құрастырған:

Раманқұлов К.Е. - ф.-м.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ